

17 қараша - Студенттер күні құтты болсын!

№10 (560) 16 қараша 2022 жыл

Zańǵalır

2004 жылдың
наурыз айынан шығады



ZHANGIR KHAN
UNIVERSITY

))) ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

«Қыран» қонақтап, бағымызды жақты

Күні кеше университетімізде айтулы студенттік байқау «Бірінші курс-2022» оздырылып, өз мәресіне жеткен болатын. Байқаудың бас жүлдесін биыл «Агротехнология институты» командасы жеңіп алды.

Бір айға жуық уақыт бойы дайындалған студенттер бақтарын сынап, шын таланттыны анықтауға өз үлестерін қосты. Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін іс-шара әр жылы ерекше өтеді. Биылғы байқаудың куәгері, әрі жетекшісі ретінде «Бірінші курс-2022»-нің өте қызықты, былтырғыдан өзгеше болғандығын нық сеніммен айта аламын.

Байқауда өзім және басқа да қатарластарым жаңа қырынан ашылып, жетістікке жетті деп айтсам болады. Яғни, біздер «Агротехнология институтының» белсенділері болып, қатарымызға қосылған бірінші курс жастарын байқауға дайындадық. Қызығы мен қиындығы қатар жүретін, студенттер күліп те, жы-



лап та алатын сайыс жоғары деңгейде өтті. Жалпы өзім институтымның белсенділерін «Жүргізуші» номинациясы бойынша дайындап, бағыт бердім. Концерттің бағдарламасын құру, толық сценарийді басынан жазып шығу, сахна мәдениетін үйрету сияқты тәжірибелермен бөлістім.

Студенттік байқау қорытындысында жеңімпаз атанған «Агротехнология институты» – «Қыранды» өз қанжығаларына байлады. Айта кетерлік жайт, бұл «Қыран» біздің институтымызға 2018 жылдан кейін биыл ғана келіп отыр. Жалпы жетістіктеріміз туралы да айта ке-


тейін: «Үздік жүргізуші ер бала», «Үздік жүргізуші қыз бала», «Аспапта ойнау», «Бейнежазба», «Заманауи ән», «Заманауи би» номинациялары бойынша бірінші орынды, «Ұлттық ән», «Ұлттық би», «Көркем сөз» бойынша екінші орынды, «Жайдарман ойынында» үшінші орынды иеленіп, институтымыздың мәртебесін биіктеттік.

Дәл осы байқаудың оздырылуына өз үлестерін қосып, студенттердің қоғамдық өмірде де белсенді болуына атсалысқан университетіміздің әкімшілігіне және «Агротехнология институтының» директоры Марат Қайырлыұлына белсенділер атынан өз алғысымызды білдіреміз. Сайыстың жоғары деңгейде өтіп, әділ бағаланғанына күмәніміз жоқ. Жыл сайын тек үздіктер ғана жеңіске жетсін. Енді «Студенттік көктем – 2023» байқауын асыға күтеміз.

Шамшырақ ЕСЕНҒАЛИЕВА,
Агротехнология институтының
2-курс студенті

Фото коллаж





Ғалым-ұстаз Төреш Қайыржанұлына! (Ұлт ұстазы атындағы медалімен құттықтау)

Болуы уық мықты ағашынан,
Болуы бала жақсы нағашыдан.
Жиенжан, күміс медаль құтты болсын,
Салмағы сезіліп тұр бағасынан.

Ғалымсың айналғандай аты аңызға,
Жиенжан, қолыңды жай батамызға.
Әкеңіз мықты болған ел біледі,
Бірақ сен тартқансың-ау апамызға.

Тайпақты ұлан-байтақ иен дейді,
Алаша Байбарақты кием дейді.
Алма да алма ағаштан алыс түспес,
Тартады нағашыға жиен дейді.

Төрешті мықты ғалым, әз ұл дейді,
Беруге мінген атын әзір дейді.
Тектіден текті туар, мықтысың ғой,
Нағашың құрдастықпен әзілдейді.

Жиенжан, әкеңіз де мықты болған,
Жақынға қамқорлықпен ықты болған.



Жиенжан, күмісті сен місе тұтпа,
Алтын ал келесіде құтты қолдан.

Орының болсын әркез төрден деймін,
Мықтылар көрінеді өрден деймін.
Медальдың бірталайын алып жүрсің,
Қадап ал келесіде өрден деймін.

Жиенжан ғалымдардың дүрісің деп,
Ұқсайды нағашыға жүрісің деп.
Нағашың шын жүректен құттықтайды,
Жиенжан құтты болсын күмісің деп.

Ұл болып аналардан туамыз ғой,
Өрқашан арман жолын қуамыз ғой.
Күміс те тотығады күтпесеңіз,
Күмісті жарқыратып жуамыз ғой.

**Ізгі ниетпен, ардагер-ұстаз
Болатқали ТҮЛЕБАЕВ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі**

Коммерциализация - построение бизнеса



В 2021-2022 учебном году в образовательные программы 12 специальностей магистратуры нашего университета (аквакультура и водные биоресурсы, химические технологии, технология перерабатывающих производств, продовольственная безопасность, безопасность жизнедеятельности на производстве, аграрная техника и технология, организация перевозок движения, электроснабжение, экономика, ветеринария, промышленная экология, землеустройство) была включена дисциплина «Коммерциализация НИОКР».

В 2022-2023 г. данную дисциплину изучают также магистранты вышеуказанных специальностей. Итак, в образовательный процесс были встроены акселератор и проектная деятельность. А именно, преподава-

ние данного курса построено по принципу бизнес-акселератора — это одновременно процесс обучения и площадка для практической прокачки команд магистрантов на реальных инновационных проектах.



коммерциализацией процесс поиска и привлечения дополнительных средств для продолжения своих научных исследований. Это в корне неверное представление. Суть коммерциализации в построении «устройства для генерации денег», т. е. бизнеса, генерирующего устойчивые финансовые потоки.

В прошедшем учебном году в ходе прохождения акселерационной программы, а именно данного курса «Коммерциализация НИОКР», магистранты приняли участие в:

Сегодня коммерциализация — это в первую очередь построение бизнеса, основанного на результатах научных исследований, в котором, как правило, участвуют и сами авторы технологий. Довольно часто ученые понимают под

- Школе Стартапа Astana Hub (10 человек успешно обучились и получили сертификаты);

- мастер-классе Бельгийского образовательного центра ЕЭК «Как правильно установить цели в проекте? Методология ЕС» (6 сертификатов);

- обучающем курсе «Research Design: Industry and Discovery Course» Европейской академии науки и исследований (34 сертификата);

- Республиканском конкурсе «Стартап Болашак»;

- акселерационной программе AlmaU (1 сертификат);

- международном конкурсе инновационных проектов «ClimateLaunchpad» (участие 3 команд в финале);

- международном конкурсе инновационных проектов «Eco-Talk» (сертификаты 2 команд участников и 1 команды победителя) и т.д.

Победитель международного конкурса инновационных проектов «Eco-Talk» магистрант группы МВТГ-12 (3) Милана Цой выиграла стажировку в г. Риге (Латвии) с целью обучения коммерциализации технологий и технологическим стартапам.

Гульшат АЙЕШЕВА
эксперт по коммерциализации технологий ЗКАТУ им. Жангир хана, к.э.н.,
доцент ВШ «Экономика и аудит»





Студенттер үйі – жылылық пен татулықтың мекені

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің білім алушылары орналасқан «Студенттер үйлерін» аралап, әкімгерлері мен тұрғындарын сөзге тарттық.

«Ыстық су берілсе» дейді білім алушылар

Университеттің үш жатақханасы да өз аумағында орналасқан. Біз алдымен тоғыз қабатты «№3 Студенттер үйіне» бас сұқтық. Бұл шаңырақтың әкімгері Гүлжан Айшева өз ісінің нағыз маманы екені көрініп тұр. 2010 жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан әкімгер жатақхананың тынысымен таныстырды. – 480 орындық жатақханада 316 студент қоныстанған. Олар – әр қаладан келген «Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру институты» мен «Политехникалық институттың» білім алушылары. Биыл үшінші жыл қатарынан Өзбекстан елінен келіп оқып жатқан он шақты студентпен тұрғындар



катары толықты. Студенттерге барлық жағдай жасалған, әр бөлмеде үш немесе төрт адамнан тұрады. Тазалық мәселесі барлығына ескертіледі, бөлмесін таза ұстамайтын жастарға әкімшілік шара қолданылады. Негізінен студент-жастарға қатал қарамауға тырысамын, – деді Гүлжан Көпбергенқызы.

Жатақханаға соңғы екі жылда жөндеу жұмыстары жүргізіліп, бөлмелерге жиһаздар орнатылған. Бұл ғимараттың екінші қабатында университет қызметкерлері отбасыларымен тұрады. Ал тоғызыншы қабаттағы бөлмелерді босатып қойған. Түрлі жағдайларға байланысты студенттерді пәтерден шығарып жіберу жағдайлары кездесетіні жасырын емес. Әкімгер сондай әділетсіздіктерге тап болған студенттерге жатақхана есігі қашан да ашық екенін айтты.

Әрбір «Студенттер үйінде» оқу жылы ішінде түрлі тәрбиелік іс-шаралар, ойын-сауық кештері, кездесулер, би кештері өткізіледі. Мұндағы 1-курсарға арналған дәстүрлі кешке түлектер «Балмұздақтарға – базарлық» деп айдар тағып кетіпті. Сол дәстүрді кейінгі буын жалғастырып келеді.

Біраз жылдан бері БҚАТУ-да қызмет атқарып келе жатқан Гүлжан Көпбергенқызы – осы университеттің түлегі, мұнай-газ саласының маманы. Әрине, бұл жұмыс та жеңіл емес. Материалдық жауапты тұлға ретінде түрлі құжаттарды толтыруға білім қажет. Арасында тәрбиеші, кейде психолог болуға тура келеді. Сондықтан бұл қызметке де үйренісіп кету оңай еместігін жасырмады. Жуырда Г.Айшева жастар мәселесіне қатысты семинарға қатысып, өзінің білімін жетілдіріп келген. Бір ғана «әттеген-ай» дегізер тұсы – №3 студенттер үйіне ыстық су қосылмапты. Орны дайындалып, әзірленіп жатқанын білдік.

Біз әңгімеге тартқан бұл жатақхананың тұрғындары да осы мәселе тезірек шешілсе екен дейді. – Басқа жоғары оқу орындарына қарағанда, біздің университетімізде жатақханада тұру – қолжетімді. Студенттердің бір-бірімен сыйластығы басым, ұйымшыл. Кез келген іс-шараны ұйымдастыруға бір кісідей атсалысады, – деді 2-курс студенті Мекен Қарғабаев.

«Қаладағы көпқабатты үйлерден айырмашылығы жоқ»

Бұдан соң №4 студенттер үйіне бет бұрдық. Тоғыз қабатты жаңа ғимаратта бізді әкімгер Рада Чукина қарсылады. 2010 жылдан бері университеттің шаруашылық саласында жұмыс жасайтын әкімгер бұл қызметті 2019 жылдан бері атқарып келе жатқанын айтты. – Біздің жатақханада «Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы институты» мен «Индустриалды-технологиялық институттың» 470 студенті тұрады. Басым көпшілігі – ұлдар, алайда олардың арасында ешқашан

керіс-төбелес орын алған емес. Бұл да студенттердің ауызбіршілігінің арқасы болса керек. Бізде көптеген тәрбиелік жұмыстар жүргізіледі. Соның ішінде 1-курс студенттеріне арналған «Қоныс той» өткізу дәстүрге айналды. Жатақханаға ең бірінші келіп орналасқан 1-курс студентіне «Қоныс той сыйлығы» табысталады. Биыл мұндай құрметке жатақханаға 22 тамыз күні келіп орналасқан қызылордалық Ләззат Нұрболатқызы Жаңбырбай ие болды. Сонымен қатар ұлттық мерекелерді де жатақхана тұрғындары айшықты түрде атап өтеді, – деді Рада Ғаділқызы.

Негізінен Рада Ғаділқызының мамандығы – бастауыш сынып мұғалімі. Бүгінде мектеп оқушыларына сабақ бермесе де, студент-жастармен жұмыстанып жүр. Әкімгердің айтуынша, студенттер ғимарат ішінде асхана болғанын қалайды. Мұның өз себебі бар екен. Өйткені төменгі қабатта асхана үшін арнайы орын қарастырылған. Бұрын жұмыс жасаған асханаға қажетті жабдықтар да қойылыпты. Бүгінде бұл қоғамдық тамақтану орнын «Агротехнология институты» білім алушыларға тәжірибелік сабақтар өткізуге пайдаланады.

Осы жатақханада тұратын жас отбасылардың бірі – Нұрдәулет пен Арайлым өз қоныстарының артықшылығы басым екенін жеткізді. – Мен мұнда өткен жылы достарыммен тұрған едім, биыл отбасылымын. Жолдасым екеміз де университетте оқимыз. Әрбір демалыс күндері, мерекелер қызықты өтеді. Әр қабаттың тұрғындары арасында өзара сайыстар ұйымдастырылады. Жалпы 1-курсан бері осы ғимаратта тұрып келемін. Қаладағы көпқабатты тұрғын үйлерден еш айырмашылығы жоқ, барлық жағдай қарастырылған, – деді Нұрдәулет Төлепберген.



«Полициясы» бар ғимарат

Соңғы аялдағанымыз №2 Студенттер үйі болды. Әкімгер Гүлжан Дәулетова бұл бес қабатты 530 орындық ғимаратта «Агротехнологиялық институттың» 283 студенті қоныстанғанын айтты. – Бес қабаттың үшеуінде білім алушылар тұрады, ал 1-қабат магистранттар мен мүмкіндігі шектеулі студенттерге арналған. Әр бөлмеде үш-төрт адамнан тұрады. Оларды орналастыру кезінде де әр студенттің мінез-құлқы, қай курста оқитыны зерделенеді. Әр қабатта тоназытқышпен, газ плитасымен қамтылған екі асүй бар. Әр қабаттағы студенттерге бір жуынатын бөлме, әжетхана ортақ. Негізінен тұрғындардың басым көпшілігі – қыздар. Жатақханада түрлі іс-шаралар ұйымшылдықпен өткізіледі, – деген әкімгер бір бөлмеде «бастары піспейтін» студенттер де болатынын жасырмады. Олармен әңгіме басқаша. Яғни жастар мәселесімен айналысатын бөлімдермен, жауапты тұлғалармен бірлесіп, жағдай жан-жақты зерттеледі.

Жатақханадан учаскелік полиция инспекторы да көзімізге түсті. Зашаған кентінің полиция учаскесі осы жатақхананың ғимаратында орналасқан екен. Жәңгір хан университетінде жиырма жылдай жұмыс жасаған Гүлжан Құралбекқызы соңғы бір жылдан астам уақыттан бері әкімгер қызметінде. Негізгі мамандығы – педагог.

Екінші курс студенті Меруерт Күнсарина осы жатақханада тұрады.

– қызықты студенттік өмірді сезінесің, – дейді Меруерт.

Тәртіп пен талап ортақ

Әр жатақханада күзет қызметкерлері мен кезекші студенттер отырды. Ғимараттың әрқайсысында сабаққа дайындалатын оқу залдары мен түрлі іс-шаралар ұйымдастырылатын шағын залдар қарастырылған. Тұрғындар жуынатын орынды (душ) күнделікті кесте бойынша пайдаланады.

Тәртіп мәселесі де жолға қойылған. Жаз мезгілінде түнгі 23.00-де, ал қысқы уақыттарда түнгі 22.00-де «Студенттер үйлерінің» сыртқы есіктері жабылады. Яғни, таңертеңге дейін бейсауыт кіріп-шығуға рұқсат жоқ. Ал қаладағы не болмаса жақын елді мекендердегі үйлеріне, туысқандарына демалыс күндері барып қонатын студенттер арнайы журналға тіркеліп, кеткен бағыттарын жазып қалдырады. Алыс ауылға, не үйіне белгілі бір себептермен кететін тұрғын-жастар жоғары басшылықтан рұқсат алып келеді. Себепсіз жатақханаға қонбайтын, тәртібі нашар студенттерге әкімшілік шара қолданылады. Жатақханалардағы тәртіп пен тазалықты әкімгерден кейін «Студенттер үйінің» төрағасы (төрайымы), әр қабаттың старосталары қадағалайды. Бірінші курсқа келген қыз-жігіттерге жатақхананың тәртібі, күн режимі толықтай түсіндіріледі. Әр жатақханада қауіпсіздік қызметкерлері кезекпен тәулік бойына жұмыс жасайды. Бөлмені жылдық



– Бір бөлмеде үш қызбыз, бөлмемізде күнделікті тұтынатын шкаф, кереует, үстел сынды жиһаздар бар. Биыл екінші жыл осы ғимаратта тұрып жатырмын, бөлмелер жылы, таза. Жалдау ақысы да студенттерге қолжетімді, өзіме ұнайды. Жатақханада тұрудың ерекшелігі

жалдау ақысы – бір адамға 60 мың теңге. Жалпы жатақханада бір үйдің баласындай тұрмыс кешу жастарды бауырмалдыққа, адамгершілікке, көпшіл болуға үйретері сөзсіз. Әр «Студенттер үйінде» кездескен білім алушылардың да көзінен сондай ерекше қасиеттер сезілді.

Ләззат ҚАЖЫМОВА

P.S. Осы мақаланы дайындау кезінде Студенттер үйлерінің маңынан көзге түскен осы бір майысқан қоқыс жәшігі ғана көңілге аз-мұз кірбің ұялатты. Көшеде өз жайымен тұрған мүлікті бүлдіру – жақсы нәрсе емес. Сол секілді жатақхана тұрғындары да меншіктеріне берілген әрбір мүлікке мұқият қарағаны абзал. Ал мына қоқыс жәшігін алып тастап, орнына жаңасын қоятын жауапты адамдар табылса...





Қызықты көңіл, студенттік өмір!



Сауалнама сұрақтары:

1. Мектептегі жылдарың мен студенттік өміріңде қандай айырмашылықтар бар?
2. Қазір әр күніңді қалай жоспарлайсың?
3. Университеттегі ұстаздарыңның ішінде кімнің қандай жақсы қасиеттерін өз бойыңнан көргің келеді?
4. Студенттік өміріңдегі қызықты, есте қалған естелікпен бөліссең...




Нұрсұлтан ТУЛЕУБАЕВ, Политехникалық институтының 2-курс студенті:

1. Мектептегі кезең мен студенттік өмірдің айырмашылығы көп. Ең біріншісі, студенттік шықта жауапкершілікті сезінесің. Жеке тұлға ретінде қалыптасу жолында талмай еңбек етуің керек. Сонымен бірге өз қиыншылықтарыңды өз күшіңмен жеңе білуге ұмтыласың.
2. Қазір университеттің белсенді студенттерінің бірі болғандықтан, сабақтан бос уақытымызда қоғамдық жұмыстармен айналысады. Айтарлықтай жоспар болмайды.
3. Тобымыздың әдвайзері Нұржүз Елеусізқызы апайымыздың қызметке адалдығын, ақкөңіл ақжарқын мінезін өз бойымнан көргім келеді.
4. Студенттік кезеңнің ең қызықты әрі есте қалатын сәті – белсенді студенттік өмір. Достарымызбен бірге әр күніміз қызықты өтеді. Сол сәттерді ешқашан ұмытпасым анық.



Жанель АСЫЛОВА, Агротехнологиялық институтының студенті (ЛД-31):

1. Студенттік өмірде мен үшін үлкен мүмкіндіктер туындады. Өзімді басқа қырымнан тани бастадым. Өмірімде үлкен өзгерістер орын алды. Жаңа орта, жаңа достар кездестірдім, жаңа көзқарастар пайда болды.
2. Әр күнімді әр қалай жоспарлап отырамын. Ең алдымен сабақ кестесіне қараймын. Өйткені, сабақ – мен үшін қашан да бірінші орында. Ал сабақтан бөлек көп уақытымызды белсенділікке жұмсағанды жаным сүйеді.
3. Өзімнің оқытушыым Әсет Жәнібекұлы Сатаевты үлгі тұтамын. Ұстазымыздың оқуға деген қызығушылықты арттыру, әділетті түрде қарау, шыншылдығы секілді қасиеттерін өз бойымнан көргім келеді.
4. Студенттік жылдарым басталғалы есте қалған естеліктер көп. Соның ішінде біздің институтты «Студенттік көктем – 2022» байқауының жеңімпаздары деп танығандары естен кетпес сәттердің бірі.



Мейірлен ШЫҢҒЫС, Индустриалды-технологиялық институтының 3-курс студенті:

1. Он бір жыл білім алған мектептен университеттің айырмашылықтары өте көп. Мектепте біз мұғалім үшін немесе ата анамыз айтты деп оқытынымыз жасырын емес. Ал университетте сен, керісінше, өзіңнің болашағың үшін білім алып, жақсы маман атануың тиіс.
2. Мен таңмен ұйқыдан оянып, университетке сабаққа барамын. Сабақтан кейін түскі тамағымды ішіп, белсенді студенттермен бірге бос уақытымызды көңілді және пайдалы өткіземін. Ал кешкі астан соң ертеңгі сабағыма дайындаламын.
3. Болашақ мамандығым – құрылыс материалдарын өндіру саласының маманы. Ұстаздарым сияқты өз кәсібімнің білгірі болып, солардың жұмысқа деген жауапкершілігін, адамдармен жұмыс жасау қабілетін өз бойыма дарытқым келеді.
4. Университет қабырғасындағы үш жылдың ішінде көптеген қызықты оқиғаларым белсенділермен бірге өтті. Уақытыңды пайдалы әрі әсерлі өткізу өзіне байланысты. Тек қана босқа уақыт өткізбеу керек.

Интеллектуалдық ашық сабақ өтті

Агротехнологиялық институтының «Өсімдік өнімдерін өндіру технологиясы» жоғары мектебінде Жәңгір хан университетінің 60 жылдығы қарсаңында гербиология пәнінен интеллектуалдық танымдық ашық сабақ өтті.

Ашық сабақ «6B08100-Агрономия», «6B08101-Топырақтану және агрохимия», «6B08102-Өсімдіктерді қорғау және карантин» мамандықтарының 3-курс білім алушы-

лары арасында ұйымдастырылды. «Арамшөптер және олармен күресу шаралары» тақырыбындағы сабаққа «ҚР АШМ АӨК МИК Батыс Қазақстан аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары Радик Абдугалиев пен Арман Мулдашев, Агротехнологиялық институтының «Білім сапасын қамтамасыз ету комитеті» төрайымы, PhD докторы Ж.Асанғалиева, жоғары мектеп жетекшісі, PhD докторы Е.Аюпов, жоғары мектептің аға оқытушысы, PhD



докторы Л.Қалиева қатысты. Қонақтар бүгінгі студент – ертеңгі маман екенін, сондықтан осындай ситуациялық жағдайлармен байланыстырылған сабақтар өте қажет болатынын айтты. Интеллектуалдық ашық сабақ бағдарламасында студенттердің өз қолымен жасалған «Қазақстан егіншілігінде жиі кездесетін арамшөптер тізбегі» альбомдары мен гербарийлер көрмесі, «Арамшөптер туралы не білеміз?» презентациясы, «Арамшөптер класификациясы, олармен күресу

шаралары» туралы бейнероликтер, интеллектуалдық сұрақ-жауап байқауы, «Аз жылдық арамшөптер және олармен күресу шаралары» тақырыбындағы ситуациялық жағдайлар көрсетілді. Студенттер альбомдар мен гербарийлер көрмесі бойынша жүлделі орын дипломдарымен және алғыс хаттармен марапатталды. Доцент Д.Тулегенова келген меймандарға алғысын білдірді.

Ақ-Баян СҮЙЕУҒАЛИ
АН-31 тобының студенті

Меншік иесі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа орталығының директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА
Компьютерде беттеуші және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Бас маман
Анар НҰРЛАНҚЫЗЫ
«Заңғар» газетінің маманы
Айдана ТЕМІРБАЙ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 560 Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51. Бас ғимарат 206-бөлме 1-42
info_zkatu@mail.ru